

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

1

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2017

ҚАҢТАР
ЯНВАРЬ
JANUARY

Б а с р е д а к т о р ы

х. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Абиев Р.Ш. проф. (Ресей)
Абишев М.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Аппель Юрген проф. (Германия)
Баймуқанов Д.А. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Байпақов К.М. проф., академик (Қазақстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Қазақстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Қазақстан)
Велихов Е.П. проф., РҒА академигі (Ресей)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Әзірбайжан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Қалимолдаев М.Н. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., корр.-мүшесі (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалықов Ж.У. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Полещук О.Х. проф. (Ресей)
Поняев А.И. проф. (Ресей)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Қазақстан)
Таткеева Г.Г. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Умбетаев И. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Тәжікстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде
01.06.2006 ж. берілген №5551-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2017

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г л а в н ы й р е д а к т о р
д. х. н., проф. академик НАН РК
М. Ж. Журинов

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

Абиев Р.Ш. проф. (Россия)
Абишев М.Е. проф., член-корр. (Казахстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Апель Юрген проф. (Германия)
Баймуканов Д.А. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Байпаков К.М. проф., академик (Казахстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Казахстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Казахстан)
Велихов Е.П. проф., академик РАН (Россия)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Азербайджан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Калимолдаев М.Н. проф., чл.-корр. (Казахстан), зам. гл. ред.
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., чл.-корр. (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалыков Ж.У. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Полещук О.Х. проф. (Россия)
Поняев А.И. проф. (Россия)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Казахстан)
Таткеева Г.Г. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Умбетаев И. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Таджикистан)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов
Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2017

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

M. Zh. Zhurinov

E d i t o r i a l b o a r d:

Abiyev R.Sh. prof. (Russia)
Abishev M.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Avramov K.V. prof. (Ukraine)
Appel Jurgen, prof. (Germany)
Baimukanov D.A. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Baipakov K.M. prof., academician (Kazakhstan)
Baitullin I.O. prof., academician (Kazakhstan)
Joseph Banas, prof. (Poland)
Bersimbayev R.I. prof., academician (Kazakhstan)
Velikhov Ye.P. prof., academician of RAS (Russia)
Gashimzade F. prof., academician (Azerbaijan)
Goncharuk V.V. prof., academician (Ukraine)
Davletov A.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Dzhrbashian R.T. prof., academician (Armenia)
Kalimoldayev M.N. prof., corr. member. (Kazakhstan), deputy editor in chief
Laverov N.P. prof., academician of RAS (Russia)
Lupashku F. prof., corr. member. (Moldova)
Mohd Hassan Selamat, prof. (Malaysia)
Myrkhalykov Zh.U. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Nowak Isabella, prof. (Poland)
Ogar N.P. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Poleshchuk O.Kh. prof. (Russia)
Ponyaev A.I. prof. (Russia)
Sagiyani A.S. prof., academician (Armenia)
Satubaldin S.S. prof., academician (Kazakhstan)
Tatkeyeva G.G. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Umbetayev I. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Khripunov G.S. prof. (Ukraine)
Yakubova M.M. prof., academician (Tadjikistan)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2017

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

K. K. Bazarbayev

H. A. Yassawi Kazakh-Turkish International University, Turkestan, Kazakhstan.
E-mail.ru: kanat-08@mail.ru

POLITICAL TRENDS OF TURKESTAN MUKHTARIAT AT THE PEOPLE'S LIBERATION MOVEMENT

Abstract. This article deals with the Turkestan movement created as the regional phenomenon which under external influence and substantial feature is characterized as national, put-forward political ideas of their implementation way and achievement of the Turkestan Mukhtariat defining substantial feature of the movement. Also, the national and political organizations and the movements, general views which are urgently created in the region about the status of Turkestan in new Russian society and questions of formation of autonomous structure in turn are considered.

Keywords: Turkestan region, Tashkent, February revolution, organization by Shura Islamiya, Provisional government, national liberation movement.

ӘОЖ 948.3

Қ. Қ. Базарбаев

Қ. А. Яссауи атындағы Халықаралыққазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАҒЫ САЯСИ АҒЫМДАР ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН МҰХТАРИЯТЫ

Аннотация. Мақалада Түркістан қозғалысы аймақтық құбылыс болып қалыптасып, сыртқы ықпал-әсермен және мазмұндық ерекшеліктерімен халықаралық сипатқа ие болып, көтерген саяси идеялары және оның іске асыру жолдарымен қол жеткен Түркістан мұхтариаты түріндегі жетістіктері қозғалыстың мазмұндық даралығын айқындайды. Сонымен бірге, өз кезегінде шұғыл құрыла бастаған өлкедегі ұлттық саяси ұйымдар мен қозғалыстар жаңарған Ресей қоғамындағы Түркістанның мәртебесі қандай болуы керектігі жөнінде ортақ тұжырымдар мен өлкеде автономиялық құрылым құрумәселесі баяндалады.

Түйін сөздер: Түркістан өлкесі, Ташкент, Ақпан төңкерісі, Шурои Исламия ұйымы, Уақытша үкімет, ұлт-азаттық қозғалыс.

Ақпан төңкерісінен соңғы кезде Ташкенттегі саяси оқиғалар жедел қарқынмен дами бастады. Билік басына келген Уақытша Үкіметтің патша өкіметінің бағытынан бас тартып, саяси іс-қимылға жасаған кеңшілігі өлкенің жергілікті халықтары арасындағы саяси қозғалыстардың өрбуіне қолайлы ықпал жасады. Өлкеде бірінен соң бірі құралып жатқан еуропалық үлгідегі саяси құрылымдар мен ұйымдардың саны 1917 ж. наурыз айының соңында 75-ке жетті. Оларды жасақтаудағы таптық қағида ұйым басшылығының ұлттық құрамынан көрініс берді [1, б. 70]. Бұндай ұйымдармен қатар жергілікті халықтар арасында да ұлттық күштердің бастамасымен жаңа үлгідегі билік құрылымдары қалыптаса бастады. Ол алғаш рет 6, 9 және 13 наурызда жәдитшілердің бастамасымен Ташкенттің «ескі қала» бөлігінде болған жиналыстарда көтерілді [2]. Ақпан төңкерісінің өлке халықтарының еркін дамуына жол ашқан мүмкіндіктерін пайдалану үшін жәдитшілердің бастамасымен Ташкент қаласы қоғамдық ұйымдарының атқару комитеті құрылды. Бұл органның алғашқы мәжілісі 14 наурызда өтіп, оның басшылық құрамына өзбек, қазақ, татар ұлтының өкілдері енген

61 мүшеден құралды. Жаңа ұйым «Шуро Исламия» («Ислам Кеңесі» немесе «Мұсылмандар кеңесі») деген атаумен саясат сахнасына шықты.

Алғашқы отырыстардың бірінде қабылданған Уақытша ережеде «Шуро Исламияның» басты мақсаты реформалық идеяларды тарату және Түркістанның мұсылман халқының бірлігін нығайту екендігі жарияланды [3, с.22].

Жәдитшілердің бастамасымен құрылған ұлттық саяси ұйымдар бұнымен шектеліп қалған жоқ. Осы жылы сәуір-шілде айларында Самарқанда - «Клуб Исламия», Қоқанда – «Мирважул ислом», Андижанда - «Озод Халк», Каттақорғанда – «Равнақұл ислом», Ходжентте - «Муайин ат-толибин» және т.б. ұйымдар құрылды [3, с.24]. Жергілікті халықтың бұндай саяси әрекеті жастүріктердің бағдарламаларындағыдай өлкедегі ескі билік құрылымдарын алмастыруды көздеген мақсаттан туындады. Еуропалық үлгідегі саяси ұйымдармен бірге ұлттық қозғалыстар мен саяси ұйымдар да патша өкіметінің отарлық басқару аппаратын жоюға белсене араласты. Нәтижесінде 1917 ж. сәуірінде өлкедегі генерал-губернаторлық билік институты жойылды. Соған сай өлкедегі бұрынғы отарлық билік құрылымдарының басқару аппараты жаңалана бастады. Уақытша Үкіметтің Түркістан комитетінің алғашқы құрамына жергілікті халықтардан қазақ М.Тынышпаев, башқұрт Садри Максуди, Давлетшиндердің енуі мұсылмандық қозғалыстың жеңісі болды.

«Шуро Исламия» ұйымының құрылуы Түркістанның саяси өміріндегі билік құрылымдарын қалыптастырудағы күштердің арасалмағын өзгертті. Түркістанда да Ресейдің орталығындағы сияқты қосөкіметтік басқару орнату бағыты «Шуро Исламия» түрінде жергілікті халықтардың билік институтының қалыптасуымен өзгеріске түсті. Осылайша, өлкеде мынадай үш өкіметтік биліктің қалыптасқаны белгілі болды:

- Уақытша Үкіметтің мемлекеттік мекемелерінің қызметіне бақылау орнатуды көздеген еуропалық жұмысшы және солдат депутаттарының Түркістандық кеңестері. Олар: көпшілікке ықпал ететін нақты күшке ие революциялық демократияның еркін білдірді:

- Екінші топ Кеңестерге қарағанда тұрғындардың әлеуметтік және ұлттық құрамынан кең өкілеттілік жасақтай алған қоғамдық ұйымдар (олардың құрамына түрлі партиялар - меньшевиктер, эсерлер және қоғамдық, соның ішінде ұлттық ұйымдар да делегаттар ұсынды.) Бұл топ Уақытша Үкіметтің билік құрылымдарына ұмтылған барлық демократиялық ұйымдардың басын біріктіруді көздеді.

- Үшінші топ, жергілікті мұсылман халықтарының еркі мен мүддесін көздеген «Шуро Исламия» түрінде көрінді. Бұл ұйым қалыптасып үлгермей жатып мұсылмандардың өкілетті органына айналды [4, с. 24-25].

Соңғы жылдары қалыптасқан ғылыми тұжырымдар кеңестік тарихнаманың «Шуро-и-ислам», «Шуро-и Уламо» ұйымдарының әлеуметтік негізі үстем тап өкілдері мен дінбасылардан құралған, «панисламизм» идеясын көтерген ұйымдар деген бағасының мүлде теріс екендігіне көз жеткізуде [5, б.47].

Ташкентте 1917 ж. 16-21 сәуір аралығында «Шуро-и-ислам» ұйымының ұйымдастыруымен өткен Бүкілтүркістан мұсылмандарының бірінші съезінің күн тәртібіне Уақытша үкіметке қатынас, Ресейдің болашақ мемлекеттік құрылысы, Құрылтай жиналысына сайлауға әзірлік сияқты зәру мәселелермен бірге жергілікті діни мекемелердің қызметі, медреселер мен вакуфтардың жайы сияқты діни мазмұндағы мәселелер де қойылды. Осы съезде Уақытша үкіметке қатынас мәселесі талқыланғанда С. Лапин «оған мұсылмандардың өзін-өзі билеу құқығын қамтамасыз ету тілегін теріске шығармайтын болса ғана қолдау көрсету керек» деген ұсыныс білдіреді. Бұл мәселенің Құрылтай жиналысында түпкілікті шешімін табатынын ескерген делегаттар Уақытша үкіметке қолдау көрсетті [6].

Патша өкіметінің дін істерін жергілікті әкімшіліктің билігіне беріп қоюын әділетсіздік деп бағалаған С. Лапиннің ұсынысымен Түркістанда дербес діни басқарма құрылсын деген шешім қабылданды. Бұл шешім Түркістанда мұсылмандық діни басқарма – мүфтиліктің құрылуы жөнінде 1914 ж. Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясының ұйымдастыруымен өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезінің шешімі аяқсыз қалмай, жүзеге асуы тиістігіне негізделді.

Отарлық билікке қарсы ұлт-азаттық күрестердің тарихында көтерісшілердің мақсат-мүддесіне, күрес тәсілдерін таңдаған тактикалық әрекеттеріне қарай саяси, әлеуметтік, этникалық белгілері бойынша жүктелуінің мысалдары жеткілікті. Бұл заңдылықтан Түркістан ұлт-азаттық қозғалыс да

айналып кете алмады. Өлкедегі ұлттық саяси элита өкілдері де осындай жіктелісті бастан кешірді және оның жеңісін де жеңілісін де дәмін татты. Осындай жіктеліс С.Лапиннің көзқарастарындағы діни бағдар оның саяси ұйым құруға қатысты әрекеттерінде нақты көрініс тапты. 1917 ж. 10 шілде күні Ташкент қаласындағы Беклер-Бегі мешітінде 25 мыңға жуық адамның қатысуымен өткен митингі кезінде С.Лапин өзінің «әрқашанда таза мұсылмандықты, шариғат қағидаларын жоғары тұтатындығын алға тартып, мұсылмандардың өзін-өзі билеудегі заңды құқығын қамтамасыз етуде бар күш жігерін аямайтындығын мәлімдеп», халықты да осы бағытта болып, бір ұйымға бірігуге шақырды. Митингіге қатысушылар бұл ұсынысты бірауыздан қолдап, жаңадан құрылған ұйымды «Шуро-и-улемо» (*Бұл атау ғылыми әдебиетте «Дін иелері кеңесі», «Ғұламалар қоғамы» деп қатар қолданылады* деп атауды ұйғарды [7].

С. Лапин жетекшілік еткен «Шуро-и-уламо» ұйымының әлеуметтік өзегін дінбасылар – молдалар, ишандар мен медреселердің ұстаздарының құрауы мүшелерінің басым бөлігі демократиялық ағымдағы зиялылардан тұрған «Шуро-и-ислам» ұйымына қарағанда оған біршама діни сипат берді. Әрине, бұл фактор ұйым қызметінің мазмұнынан да көрініс тапты. Осындай себептермен де «Шуро-и-уламо» ұйымы сол кездегі саяси лексикада қадимшылар (ескішілдер), ал «Шуро-и-ислам» ұйымы жәдидшілер (жаңашылдар) ұйымы деп атала бастады. «Шуро-и-уламо» ұйымының жергілікті бөлімшелерін ашуда діндарлар белсенділік танытты. Айталық, осы жылдың шілдесінде Қоқан қаласында ұйымның бөлімшесі ашылды. Ал Самарқанда ұйымның бөлімшесі ашылмағанымен жергілікті «Иттифақ» («Одақ») ұйымы «Шуро-и-уламоға» ізгі ниетте болды [8, б.72]. Сырдария облысында ұйымның бөлімшесі құрылмаса да облыста С.Лапиннің ұстанған бағытын қолдаушылар көп болды [9].

Шілде айының соңында өткен Ташкент қалалық думасы сайлауына түрлі партиялар мен қоғамдық ұйымдар атынан 16 тізім ұсынылса, солардың арасында «Шуро-и-уламо» жеңіске жетіп, думадағы 102 орыннан 62, социал-демократтар 5, эсерлер 24, «Шуро-и-исламия» 11 орын иеленді [10].

Бұл деректер «Шуро-и-улеманың» қалалық думадағы орынның тең жарымынан астамын иеленуінің сыры неде? -деген заңды сұрақ туғызады. Оның сыры біздің пікіріміз бойынша «Шуро-и-Улема» атынан өлкедегі отарлық билік өкілдерінің де көптен ұсынылуы болды. Жергілікті шенеуніктердің тізімге көптеп енгізілуі сайлау барысында әкімшілік ресурстар арқылы ықпал жасау орын алды деген қорытынды жасауға негіз болады.

«Шуро-и-Улема» саяси ұйым ретінде Ташкент қаласында өз қызметін кең өрістетті. Ұйым өлкенің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласа бастады. Осы жерде ұйымның сипатына қатысты атап өтерлік бір жайт, «Шуро-и-Улема» еуропалық үлгідегі саяси партия болмаса да саяси партияға тән ұйымдық, құрылымдық белгілері болды. Олай дейтініміз, С.Лапин жетекшілік еткен «Шуро-и-уламо» ұйымы саяси шешімдерге бастамашыл болып, өлкеде жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің бар билікті қолына алу үшін революциялық комитет құруына батыл қарсылық танытты. Сол үшін де Түркістан өлкесі мұсылмандарының съезін шақырды. 17-20 қыркүйекте Ташкентте өткен съезге 500 ден астам өкіл қатысып, өлкедегі саяси ахуал, Түркістанның болашақ саяси құрылысы, жер мен суды пайдалану жайы, азық-түлік, сот, оқу-ағарту ісі, мешіттерді басқару, вакуф, земство, мұсылмандық саяси партия құру, Құрылтай жиналысына сайлау мәселелерін қойды.

Съезде Түркістан федеративті республикасының саяси құрылымы мәселесінде С.Лапиннің ұсынысы бойынша қабылданған қаулыда «Түркістан федерациясындағы заң шығару билігі жалпыға бірдей, құпия дауыс беру арқылы 5 жылға сайланған түркістандық парламенттің қолында болады. Оған Түркістан өлкесінде тұратын барлық халықтардан теңдей өкілдер сайланады. Түркістан парламентінің заң шығару функциясы Ресей республикасының негізгі заңдарымен және шариғат талаптарына сай үйлестірілуі тиіс... Ташкент қаласында Түркістан Федерациясының «Маһками шариғат» деп аталатын сенаты болады. «Маһками шариғат» Түркістан Федерациясының жоғарғы сот мекемесі қызметін атқарумен қатар, заңдарды жариялау мен түсіндіру құқығына иеленіп, олардың шариғат талаптарына қайшы келмеуін қадағалайды, сондай-ақ барлық мемлекеттік мекемелер мен оның лауазым иелерінің және сот мекемелері мен оның қызметкерлерінің дұрыс қызмет етуін бақылайды. Сенат («Маһками шариғат») төрағасы «шейх-ул-ислам» (бас прокурор) деп аталып, Түркістан федерациясында заңдардың орындалуына жауап береді» [11]. «Шуро-и-уламо» ұйымы ұстанған Түркістан өлкесінің болашақ мемлекеттік құрылымының осы модулі жөнінде М. Шоқай «Ғұлама қоғамы» («Шуро-и-уламо») мәселеге басқашалау тұрғыдан келді [12, б. 273].

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысында осы екі ұйым түрінде пайда болған саяси жолайрыққа С. Лапиннің өлке мұсылмандарының мүддесін қорғауда шарият қағидаларын басшылыққа алу талабы негіз болды. Әрине, белгілі бір саяси күштердің ортақ көзқарасын білдірген С. Лапиннің бұл талабын оның жеке басының мүддесі болса оның соңынан ешкім ермеген болар еді. Осы екі саяси ағымның теке-тіресі 1917 жылдың қарашасында Түркістан мұхтариятын жариялар кезде де анық байқалды. С.Лапин бастаған «Шуро-и-уламо» ұйымы мүшелері Түркістан автономиясын жариялауға ерте, оны орыс революциялық демократиясы өкілдерімен келісе отырып жариялау керек деген пікір білдірді. С.Лапин мұсылмандар съезіне мынандай шарттар қойды:

1. Өлкедегі билікті іс жүзінде қолына алған орыс демократиясының өкілдеріне қарсы дұшпандық іс-қимылдар жасалмасын.

2. Түркістан автономиялы республикасының Уақытша үкіметі өз қызметін барлық жағынан шарият қағидаларына үйлестіріп жүргізісін.

3. Автономияны жүзеге асыру бейбіт түрде жүрсін, қантөгіске жол берілмесін». Съезде С. Лапин Түркістан автономиясының жариялануын ертерек деп санағанымен оған қарсы емес екендігін, өз ұсыныстары қолдау тапса Түркістан автономиясы нағыз әділетті мұсылмандық мемлекеттік құрылым болып, халық сеніміне ие болады деп мәлімдеді. Бұл ұсыныстарға делегаттардың бір бөлігі қолдау танытып, Түркістан мұхтарияты халқының 98 пайызы мұсылмандар болатын аймақта жарияланып отырғандықтан автономия ислам дінінің қорғаушысы болуы керектігін алға тартты. Сонымен қатар Түркістан автономиясының аяғынан тік тұруы С.Лапин ұсынғандай бейбіт өмір жағдайында ғана нәтижелі болатындығын, сондықтан кеңестермен келіссөздер жүргізу арқылы Түркістан автономиясын қантөгіссіз құру керектігін делегаттар қолдады.

Осы жерде айта кетерлік бір жағай, өлкеде билікке қол жеткізген Түркістан мұхтариятына қатысты «Шуро-и-уламо» ұйымы мүшелері қатысқан Ташкент қалалық думасының мәжілісінде социал-революционерлер (эсерлер) мен социал-демократтар (большевиктер) арасында қызу пікірталас жүрді. Эсерлер Түркістан мұхтариятына ізгіниетте екендіктерін, егер оған көмек керек болса қол ұштарын созуға әзір екендіктерін танытты. Ал большевиктер болса, Түркістан мұхтариятын мойындамайтындығын білдіреді [13].

Ал С.Лапин Өлкеде қалыптасқан қосөкіметтік жағдайдың қантөгісті қақтығысқа ұласып кетпеуіне қатты алаңдаушылық танытып, Түркістан мұхтариятының Уақытша үкіметінен қарқынды, нәтижелі жұмыс талап етті. Азық-түлікпен қамтамасыз етуді жолға қойып, тұрғындарды төніп келе жатқан ашаршылық апатынан құтқару жолында шұғыл іс-шараларды ұйымдастыру қажеттігін ұсынды. Тез арада Түркістан Құрылтай жиналысын шақырып, онда Түркістандағы қосөкіметтілікті, екі өкімет арасындағы текетіресті доғарып, бейбіт өмірге бастайтын билік органын құру жөнінде дабыл қаға бастады. Сонымен қатар ол Түркістан мұхтариятының үкіметіне билікті атқаруда шарият негіздерін басшылыққа алу керектігі жайында, сонда ғана Уақытша өкімет өзінің мұсылмандар мүддесін қорғайтындығын көрсетеді деген мәлімдеме де жолдады.

Түркістан мұхтариятының Уақытша үкіметі 1918 ж. қаңтарында Ташкенттегі кеңестер билігімен байланыс орнатуға талпынып, оған бірлескен съезд өткізу жөнінде ұсыныс та түсірді. Бірақ мұндай ұсынысты кеңестік билік ескерусіз қалдырды. Себебі, Ташкентте бұл кезде Қоқанда жүріп жатқан этносаяси процестерді дұшпандық әрекеттердің көрінісі деп бағалаған пікір қалыптасқан еді. 1917 ж. желтоқсанның бас кезінде Ташкенттегі кеңес өкіметіне Түркістандағы жағдай жайында Москва әскери округынан «Контрреволюциялық элементтер мұсылман буржуазиясы мен қараңғы түнектегі мұсылман бұқарасына арқа сүйеуге талпынуда. Буржуазиялық-чиновниктік элементтер мұсылман ұлтшылдарымен бірге өткізген Қоқандағы съезінде Түркістан автономиясын жариялап, казактардың «Оңтүстік-шығыс одағына» кіру жөнінде қаулы қабылдады. Ресейдің еуропалық бөлігіндегі жағдайға байланысты олардың ұлттық негіздегі басқа да ұйымдарға кіруі ықтимал» [14, с.42] деген мәлімдеме түскен еді.

Түркістан мұхтарияты Уақытша үкіметінің жергілікті халық мүддесін қорғаудағы әрекетіне қарамастан С. Лапин оны әрекетсіздігі үшін сынап, 1918 ж. қаңтарынан бастап «Шуро-и-уламо» Түркістан мұхтариятын қолдаудан бас тартады деген мәлімдеме таратты. Ол Уақытша үкімет мүшелерін атаққұмар деп айыптап, «Шуро-и-ислам» ұйымының саяси ұстанымдарымен келіспейтіндігін 5 қаңтар күні өзінің жетекшілігімен өткен Ташкенттегі Жұма мешітінде «Шуро-и-уламо» ұйымының жиналысында [15] білдірді және 10 қаңтарда Ташкентте мұсылмандар митингісінде

ұйымдастырып, Өлкедегі кеңестік билік пен Түркістан мұхтарияты арасындағы текетірес қантөгіске әкеліп соқтырады, одан халық зардап шегетіндігін мәлімдеп, қиындықтан шығудың жолы ретінде Ташкентте Түркістан мұхтарияты мен Өлкелік халық комиссарлары кеңесі бірігіп халықтық автономия құруы керек деген ұсыныс жасады.

С. Лапиннің өлкеде саяси билікті әлеуметтік және ұлтаралық қақтығыстарсыз орнату жайындағы осындай ұсыныстарын жинақтап, 1918 ж. 17 қаңтарда «Орыс социалистеріне «Улеманың» Ташкент ұйымы атынан» деп аталатын мәлімдеме жолдады. Т.Котюкова осы мәлімдеменің авторы С.Лапин болуы мүмкін деген болжам жасайды [16, б. 21-28]. Лапиннің түрлі саяси шараларда сөйлеген сөздері мен жасаған мәлімдемелерінің мәтінін салыстыра талдау арқылы аталған мәлімдеменің авторы С.Лапин деген қорытындыға келдік. Мәлімдемедегі көтерілген идеялардың сабақтастығы, ұсыныстардың бірізділігі және жазу стилінің бірегейлігі біздің осындай тұжырым жасауымызға негіз болды.

Өлкелік халық комиссарлары кеңесінде социал-революционерлер билеуші партия болғандықтан мәлімдеме орыс социалистеріне арналды. Аталған құжаттан С. Лапиннің өлкедегі билікке қатысты саяси көзқарастарыбарынша толық көрініс тапқан. Қайраткер мәлімдемесінде «Ислам мен социализмнің арасында өзара үйлесімділік барын» діни қағидаларды салыстыра талдай отырып негіздейді және «ислам, өмірлік жаратылым туралы ғылым ретінде қалыптасып, сүреңсіз христиандық кертартпалықты алмастырды және өзінің негізіне адам табиғаты мен адами қатынастарды тануды алып, әлемді парасатты ғылыми жолға түсірді» дей отырып, «еуропалық империализм өз кезегінде еркін ислам әлемін өзіне бағындыру үшін аяусыз да белсенді күрес жүргізіп жатқанда, Еуропаның өзегінде қазіргі Ресейден көрініс тапқан социализм туралы ілім қалыптасып, мұсылмандық Шығыспен бетпе-бет келді» деген тұжырым жасайды. Өз мәлімдемесінде ислам мен социализмнің бірлесіп өмір сүруі үшін Кеңестер билігін Түркістан мұхтариятымен ымыраға келіп, «халықтық өкімет құруға» шақырды. С.Лапиннің исламдық социализм идеясы осы екі қоғамдық құрылымдардың ұқсастықтарын, ортақ ұстанымдарын іздестіруінен де көренеді. Ислам діні мен социалистік ілім еңбекші бұқараның мүддесін көздейтінін, екеуінің де империализмнің қас жауы ретінде адамды адамның қанауына, ұлтшылдыққа, яғни бір ұлттың екінші ұлтқа үстемдік етуіне қарсы тұратынын, социализм «Барлық жер еңбекшілердікі» десе, исламда «Жерді Алла жаратқан, оны кім өңдеп, тер төксе ол соныкі» дейтін қағидаларын алға тартады.

Оның «Ресейдегі саяси-әлеуметтік революцияның қысымы нәтижесінде Түркістан мұсылмандарының қасіретті жағдайға душар болуы мені социалистерге қалыптасқан ахуалдан шығудың, өзара түсініспеушіліктерді шешудің жолдарын көрсетуге итермелеп отыр» деген сөздері мәлімдеменің жазылу мақсатын танытады. Ол «Мұсылмандық Шығысқа еуропалық елдердің ішінде бұрынғы патшалық Ресей полициялық-миссионерлік әрекетімен орасан зардап әкелді» деп отарлық биліктің шынайы бейнесін әшкерелейді. С.Лапин Түркістанда бірінші дүниежүзілік соғыстан туындаған мәселелерді де назардан тыс қалдырмады. «Әлемдік соғыстан туындаған Ресейдің ішіндегі оқиғалар мұсылмандар санасына еуропалық арам пиғылдың сейілетіні жайлы сенім ұялатты. Еуропалық арам пиғыл революциялық демократияның «Анексиясыз, контрибуциясыз бейбітшілік және халықтардың өзін-өзі билеуі қамтамасыз етілсін» деген ұран бойынша күйреуі тиіс. Мұсылмандар сіздердің бұл ұрандарыңызды зор қуанышпен, өздерінің пайғамбарларының бұдан 1336 жыл бұрын «Әлемде құлдық, адамды адам қанау болмасын, жер бетінде Алла атымен әділдік орнасын» деп жазылған жасыл туын көтеріп қарсы алды» деген тұжырым жасай отырып, «Түркістан мұхтариятын жариялауда өлке мұсылмандары Ислам қағидалары негізінде өзін өзі басқаруға үміттенді. Осы уақытқа дейін орыс қоғамының буржуазиялық пиғылдағы тобының ойында Түркістан мұсылмандары автономиялы бола алады деген пікір болмады» деген саяси бағамен сабақтастырады. Осыған байланысты оның социализмдегі таптық ұстанымдарының мұсылмандық ұғымдағы баламалары туралы салыстырулары да қызықты болып келеді. «Естеріңізде болсын - мұсылмандар арасынан сіздер жұмысшыларды немесе кедейлерді табарсыздар. Шынында, олар сіздермен көп жағдайда келіскенімен шарифаттан ешқашан бас тартпайды, өйткені ол ең алдымен мұсылман және ислам ілімінің дұрыстығына сенеді. Бұдан шығатын қорытынды біреу: шындығында, Сіздердің үміттеріңізге негізделген идеяларыңыз ислам елдерінің әлдебірінде жылдам әрі жеңіл іске асуы мүмкін, тек бір ғана жағдайда, егер олар сіздердің мәзірлеріңіз бойынша емес, шарифаттың ұстанымдарына негізделген мұсылмандардың дегені бойынша атқарылса ғана» деген тұжырым жасайды.

Ендігі мәселе, өлкедегі саяси-әлеуметтік текетірегі болдырмау үшін не істеу керек? Лапин бұл мәселеге қатысты мынадай ұсыныс жасайды: «Қантөгіске жол бермеу үшін өлкеде таза мұсылмандық автономия құру қажет. Бұл автономия үкіметімен қатар өлкеде Ресей республикасының органы – Халық комиссарлар кеңесі болсын, оған өлкедегі мұсылман емес тұрғындарды басқару жүктелсін. Мұсылмандық автономияның басқармасы Исламдық социализм принциптері негізінде құрылып, өлкедегі сауда мен өнеркәсіпті бақыласын, еңбекші бұқараны өсімқорлардан, мүлікті таптан қорғасын» дей келіп, «Бірақ бұл жағдай барлық Ресей республикасы социалистік болғанда ғана мүмкін» болатындығын атап көрсетеді.

Сол сияқты ол болашақ «Мұсылман автономиясын басқару қатаң исламдық социализм негізінде құрылуы керек, яғни өлкеде капиталдың өсуіне жол бермеу, сауда мен өнеркәсіпке бақылау орнату, жұмысшы тапты өсімқорлық қанаудан қорғау үшін күштеу арқылы ауқатты топтардан «зекет» пен «ұшыр» алып, ол табысты шарифат талаптарына сай жұмысшылар мен кедейлердің мұқтаждарына жарату» керектігін алға тартады. Демек, осыған байланысты С.Лапиннің шарифаттың экономикалық құндылықтарын нарықтық қатынастардағы «қосымша құн» теориясы мен кеңестік жоспарлы экономиканың негіздеріне балама ретінде ұсынғандығын көрміз. Сол сияқты Түркістан автономиясының федерациясының әлеуметтік-экономикалық құрылымында шарифаттың ұстанымдарына сай жұмысшылардың тұрмысын жақсартуға және жұмысшы еңбегін реттеуге қатысты арнайы заң қабылдануы керек екендігін де алға тартты.

Осы құжатта С. Лапин Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының беделді саяси ұйымының атынан өлкедегі саяси билікті қайта құрудың модулін ұсынып, оны ұйымдастырудың негізгі қағидаларын 14 тармаққа жіктеп көрсетеді. Атап айтқанда, Түркістандағы басқару формасын айқындау мақсатында Ташкент қаласында Құрылтай жиналысын шақыру ұсынылады (1 тармақ).

Осы Түркістан құрылтай жиналысы өлкедегі саяси басқару формасын айқындағанға дейін Сырдария, Ферғана, Самарқанд және Закаспий облыстары Ресей Федерациясының бір бөлігі ретінде қалып, бұл облыстарды қоныстанған мұсылмандардың ішкі өмірі шарифаттың әлеуметтік принциптері мен ережелерін басшылыққа алатын, Ресей республикасының Түркістан мұсылман федерациясы басқарсын (3 тармақ). Осылайша С.Лапин өлкенің болашық саяси құрылымын біртұтас ұлттық бірлік емес, көпұлтты Түркістан мұсылман федерациясы түрінде қарастырады және ол федерацияның Уақытша халықтық үкіметі құрылып, ол мемлекеттік меншікке, бюджетке иелік жасайтын болады (10, 11, 12 тармақтар).

Ол Түркістан мұсылман федерациясының Уақытша үкіметі Ресей республикасының федерацияларымен бірге көрші елдермен де сауда-экономикалық келісімдер мен шарттар жасауға, сол сияқты бірінші дүниежүзілік соғыста соғысушы мемлекеттер арасында бітім жасауға байланысты өткізілетін халықаралық конференцияларға өз делегаттарын жіберуге құқылы екендігін де атап көрсетті (13, 14 тармақтар).

Осы мәлімдемеді ұсынылған қағидалардың кейбірі сол кезеңдегі қалыптасқан саяси ахуалда түркістандықтардың ұлттық мүддесіне сай келе бермегендігі айқын еді. Мысалы, осы мәлімдеменің 9-бабында «Патша өкіметінің жергілікті халықтан саяси әрекеттері үшін күшпен тәркілеп алған жерлерден басқалары, орыс қалалары мен қоныстары орналасқан жерлер және орыс шаруаларының жер үлестері орыс азаматтарының игілігі болып табылып, Ресей республикасы үкіметінің қарауына өтеді» деген қағиданы ымырашылдықты - қазіргі саяси терминологиямен айтсақ толеранттықты басшылыққа алғандық деп қабылдауға болады. Лапиннің бұл әрекеті ұлттық мүддеден бір адым кейінге шегіну болғанымен, стратегиялық жағынан қоғамды жаңғыртуды әлеуметтік сілкіністерсіз іске асыру тұрғысында бір адым алға жылжығандық болды.

Түркістанда ұлттық-демократиялық күштердің басты жеңісіне айналған Түркістан мұхтариятының жариялануы «Шурои Улема» тарапынан қолдау таппады. Отаршыларға қарсы күресте бірге болып, жеңіске қол жеткенде жікке бөлінген әрекетке наразы болған Бехбуди «Біздің қарама-қайшылықтар үшін біріккеніміз мың сан өкінішті-ақ, бұл алауыздығымыз біздің сорымызға көрінді. Егер бүкіл Түркістан біріксе жер сілкіндіретіндей 15 миллиондық күшке айналар еді» [17] деп осы алауыздыққа пікірін білдірген. Бұл пікірі арқылы да ол Түркістандық бірліктің өлке халқы үшін ауадай қажет екендігіне деген нық сенімін танытты.

Демек, Түркістанның шынайы патриоты болғандықтан «Бехбудидің қызметінде ұлттық мүдделер басым болғанымен, ол ұлттық қозғалыс идеяларын жақтаушы барлық саяси күштерді біріктіруді қуаттады».

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысында орын алған саяси жіктеліс өлкедегі ұлттық күштердің басынан өткізуі тиіс жағдайлар болатын. Сондықтан да қозғалыстың басты жемісі болған Түркістан мұхтариятының қызметі мен оның атқарған ролі туралы асығыс баға беруге болмайды. Осыған байланысты тұжырымды осы ұлттық-мемлекеттік құрылымның басшысы М. Шоқайдан артық айта алмаспыз. Ол «Түркістан мұхтарияты большевиктер тарапынан құлатылып, екі айдай ғана өмір сүре алды. Шоқай естеліктерінде өзі-өзіне «Қоқан өкіметі екі ай ішінде нелер жасай алды?» деген сауал қояды және бұған өзі былай деп жауап береді: «Ол бір жағынан аз, ал екінші жағынан қыруар жұмыс атқарды. Тарихи тұрғыдан қарағанда аз; бірақ ол дәуірде Түркістанның ғылыми, саяси және техникалық тұрғыдан мешеу қалғанын ойласақ, Қоқан үкіметінің қыруар іс атқарғанын айта аламыз» [18, б.85] деп жазады.

Солдай дей тұрғанымен, Шоқай Түркістандағы ұлттық-саяси қозғалыстарды бағалағанда төңкеріс әкелген мүмкіншіліктерді жеткілікті дәрежеде пайдалана алмағандықтарын мойындайды. Мұның себептерін ол «Ұзақ уақыт қараңғыда қалған адамның бірден жарыққа шыққан кезінде көзі шағылысып аша алмай қалатындығы секілді, ұзақ уақыт патшалық Ресейдің отарлық саясатының қараңғылығында жер бауырлап еңбектеген түркістандықтар да төңкеріс әкелген азаттық жарығына шығысымен көздері шағылысып, алдын көре алмай қалған еді. Шағылысқан көздердің адасуларын түркістандықтардың өз қараңғылықтары да одан әрі арттыра түскен еді» [65, б.86] деп түсіндіреді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Турдиев Ш. Исмайл Гаспыралы ва Туркистон // Узбекистон адабиати ва санъати. – 1991, 15 май.
- [2] Наджот. – 1917, 23 март.
- [3] Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости // Коллектив авт: Р. М. Абдуллаев, С. С. Агзамходжаев, И. А. Алимов и др. – Ташкент: Шарк, 2002. – 167 с.
- [4] Турдиев Ш. Исмайл Гаспыралы ва Туркистон // Узбекистон адабиати ва санъати. – 1991, 15 май.
- [5] Рүстемов С. «Шуро-и Улема» ұйымының құрылуы мен қызметі // Қазақ тарихы. – 2004. – № 6. – 52 б.
- [6] Улуғ Туркистон. – 1917, 25 сәуір.
- [7] Улуғ Туркистон. – 1917, 23 шілде
- [8] Тұрсын Х.М., Базарбаев Қ. Сералы Лапинның көзқарасындағы «исламдық социализм» модулі // Туркология. – 2012. – № 320. – 72-81-бб.
- [9] Бірлік туы. – 1917, 20 қазан.
- [10] Исхаков С.М. Российские мусульмане и революция (весна 1917 г. – лето 1918 г.). – М.: Институт истории РАН, 2003. – С. 128.
- [11] Туркестанский курьер. 1917, 11 ноября.
- [12] Шоқай М. Таңдамалы. 2 томдық. – Алматы: Қайнар, 1999. – 2-т. – 520 б.
- [13] Улуғ Туркистон. – 1917, 16 желтоқсан.
- [14] Победа Октябрьской революции в Узбекистане. Сборник документов. – Т. 2. – Ташкент, 1963.
- [15] Бірлік туы. – 1918, 18 қаңтар.
- [16] Котюкова Т. «Жалобу оставить без последствий» или как Серали Лапин не стал депутатом Государственной думы от туркестанского края // Қазақстан мұрағаттары. – 2008. – № 1(5).
- [17] Бехбуди М. Туркистон Мухторияти // Хуррият. – 1917, 22 декабрь.
- [18] Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы / Түрік тілінен ауд. Г. Шадиева. – Алматы: Арыс, 2004. – 320 б.

REFERENCES

- [1] Sh.Turdiyev Ismaayl Gaspyraly va Turkiston // Uzbekiston adabiyaty va sanati. 1991, 15 May.
- [2] Nadjot, 1917, 23 March.
- [3] Turkestan at the beginning of the 20th century: To history of sources of national independence // Authors: R. Abdullayev, S. Agzamkhodzhayev, I. Alimov and etc. Tashkent: Shark, 2002. P.167.
- [4] Sh.Turdiyev Ismaayl Gaspyraly va Turkiston // Uzbekiston adabiyaty va sanati. 1991, 15 May.
- [5] Rustemov S. Formation and work of the Shuro-i-Ulema organization // Kazakh history. 2004. N 6. P. 52.
- [6] Ulug Turkiston. 1917, April 25.
- [7] Ulug Turkiston. 1917, July 23.
- [8] Tursyn H., Bazarbayev K. Seraly Lapinnyn kozkarassyndagy “Islamdyk Sotsializm” moduli // Turkologiya. 2012. N 320. P. 72-81.
- [9] Birlik tuy. 1917, October 20.
- [10] Iskhakov S. Russian Muslims and revolution (Spring of 1917 – Summer 1918). M.: History Institute, RAS, 2003. P.128.
- [11] Turkestan courier. 1917, November 11.
- [12] Shokai M. Tandamaly. Two-volume book. Almaty: Kainar, 1999. Vol. 2. P. 520

- [13] Ulug Turkiston. 1917, Decemebr 16.
[14] Victory of the October revolution in Uzbekistan. Collection of documents. Vol. 2. Tashkent, 1963.
[15] Birlik Tuy. 1918, January 18.
[16] Kotyukova T. "To leave the complaint without consequences" or as Serali Lapin didn't become the deputy of the State thought from the Turkestan region // Kazakhstan muragattary, 2008. N 1(5).
[17] M.Bekhbudi. Turkiston Mukhtoriati // Khurriat. 1917, December 22.
[18] Kara A. Mustafa Shokai. Omiri. Kuresi. Shygarmashylygy / Turik tilinen audargan G. Shadiyeva. Almaty: Arys, 2004. P. 320.

К. К. Базарбаев

Международный казахско-турецкий университет им. Х. А. Ясави Түркестан, Казахстан

ТУРКЕСТАНСКИЙ МУХТАРИАТ И ПОЛИТИЧЕСКИЕ ТЕЧЕНИЯ НАРОДНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ

Аннотация. В статье рассматривается Туркестанское национально-освободительное движение, сформировавшееся как региональное явление и, благодаря внешнему влиянию и содержательным особенностям, обладающее народным характером. Поднятые движением политические идеи и способы их осуществления привели к созданию Туркестанского мухтариата, что определило его содержательную особенность. Вместе с этим проведено исследование вопросов формирования автономной структуры и общие взгляды на статус Туркестана в российском обществе, обновленном политическими движениями и организациями, возникшими в то время.

Ключевые слова: Туркестанский край, Ташкент, февральский переворот, организация Шурои Исламия, Временное правительство, национально-освободительное движение.

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т. М. Апендиев*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 24.02.2017.
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
12,4 п.л. Тираж 2000. Заказ 1.